

«Жас зерттеуші» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен ЖОО-ның білім алушылары арасында «Жас зерттеуші» зерттеу жобаларының республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды жобалық және зерттеушілік қызметтерге тарту арқылы оқытудың тиімділігі мен білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің танымдық, шығармашылық, зияткерлік қызметтерге қызығушылығын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- зерттеу жұмыстары және дереккөздермен жұмыс істеудегі табысты тәжірибелерді анықтау және тарату;

- білім алушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту;

- білім алушыларға өздерінің білім беру ұйымдары мен өңірлері аумағынан тыс жерлерде жарысу мүмкіндігін беру;

- білім беру ұйымдарының білім алушылары арасынан дарынды балалар мен жастарды жобалық және зерттеу қызметтері арқылы анықтау;

- оқушылар мен студенттердің шығармашыл зерттеушілік белсенділігін дамыту мен қолдау үшін жағдай жасау;

- білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың іргелі және қолданбалы ғылымға қызығушылықтарын арттыру.

3. Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Интернет-байқау **2015 жылғы 1 қазан - 25 қараша** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары spo.rumcdo@mail.ru электронды поштасына **2015 жылғы 20 қарашаға** дейін қабылданады.

Анықтама телефоны: **8(7172) 249303.**

7. **2015 жылғы 20 қарашадан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін Байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауап бермейді.

10. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банктер немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Жас зерттеуші» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберушінің) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, spro.rumcdo@mail.ru электрондық поштасы арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 25 қарашада** www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

3.Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

12. Байқауға 8-18 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен ЖОО-ның білім алушылары келесі жас санаттарында қатыса алады:

8-10 жастағы кіші жас санат;

11-14 жастағы орташа жас санат;

15-18 жастағы ересек жас санаты.

13. Байқауға мектептердің 1-11 сынып оқушылары мен техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары мен ЖОО 1-2 курс студенттерінің жобалық және зерттеу жұмыстары ұсынылады.

14. Байқауға ұсынылған жұмыстар оның тақырыбына және номинацияларға сәйкес болуы тиіс.

Зерттеу жобаларының байқауы келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Мен әлемді танушымын!».

Тақырыптары: табиғат, қоғам, адам, этнография.

1) «Ғылымға қадам».

Бағыттары: астрономия және космонавтика, химия; математика, медицина, экология; тарих, саясаттану, өлкетану, география, этнография; лингвистика (орыс, ағылшын тілдері), әдебиеттану; педагогика және психология; құқық, экономика, философия.

2) «Еліміздің ғылыми әлеуеті».

Гуманитарлық ғылым: өнертану, тарих, мәдени антропология (археология, этнография), әскери тарих, саясаттану, өлкетану, мәдениеттану;

лингвистика (орыс, ағылшын тілдері); әдебиеттану; педагогика және психология; құқық; экономика; философия.

15. Жұмыс құрылымы:

Зерттеу жұмысы анықталған құрылым бойынша құрылады.

Орналасу ретіне қарай құрылымның негізі элементтері: алдыңғы бет; мазмұны; кіріспе; негізгі бөлім; қорытынды; библиографиялық тізім; қосымша.

1.1. Алдыңғы (негізгі) бет жұмыстың бірінші беті болып табылады және үлгі бойынша толтырылады.

1.2. Алдыңғы беттен соң жұмыстың пункттері беттерімен мазмұнында орналастырылады.

1.3. Кіріспеде таңдап алынған тақырыптың өзектілігі, мақсаты және қойылған міндеттердің мазмұны, зерттеу пәні мен нысаны қалыптастырылады, таңдалған зерттеу әдісі (әдістері), жұмысқа сипаттама – тақырып теориялық немесе қолданбалы зерттеу болып саналады ма, алынған нәтижелердің маңызы немесе қолданбалық құндылығы, тақырып бойынша бар әдебиеттерге қысқа шолу және жұмысты жазу үшін дереккөздерге мінездеме берілуі тиіс.

1.4. Ғылыми жұмыстың негізгі бөлімінде зерттеудің әдісі мен техникасына тиянақты талдау жасалынып, зерттеу көлемі туралы мәліметтер беріледі, алынған нәтижелер жан-жақты ашып көрсетіледі және талдаудан өткізілуі тиіс. Негізгі бөлімнің мазмұны жұмыс тақырыбына дәл сәйкестікте орындалып және оны толық ашу керек.

1.5. Қорытындыда таңдап алынған тақырыпты талдау үдерісінде автордың негізгі қорытындылары келтіріледі. Алайда, онда алынған нәтижелердің жаңашылдығы, даралығы, теориялық және (немесе) практикалық (қолданбалы) маңызы атап көрсетіледі. Жұмысты бағалағанда сараптамашылар мәтіннің сауаттылығына да көңіл бөледі.

1.6. Жұмыс соңында қолданылған әдебиеттер тізімі (библиографиялық тізім) келтіріледі. Жұмыс мәтнінде ғылыми дереккөзге сілтеме (сілтеме нөмірі әдебиеттер тізіміндегі нөмірге сәйкес болуы керек) жасалынады.

1.7. Қосымшада қосалқы және қосымша материалдар орналастырылады. Қажет болған жағдайда, алынған нәтижелерді өз деңгейінде түсінуге жәрдем болу үшін қосымша кесте, сурет, сұлбалар және т.б. көрсетіледі.

16. Жұмыстар компьютерлік терімнің негізгі талаптарына сәйкес А4 форматында, 14 шрифтпен, аралық интервалы – 1 болуы қажет. Ұсынылған электрондық материалдың (қосымшасыз) көлемі 8 баспа беттен аспауы тиіс. Қосымша көлемі 1 Мб-тан асырмау керек. Жұмыс атауын, Т.А.Ж.; байқауға қатысушының жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл атын көрсету қажет.

Бөгде адамның материалдары мен Ғаламтор желісіндегі материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

17. Байқауға ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері:

1. Тақырыптың өзектілігі мен тұжырымның нақтылығы;
2. Зерттеу мәселесінің тереңдігі мен ауқымдылығы;
3. Жұмыс жоспарын (мазмұнын) құрудың логикалығы, тақырыпты толық аша алуы;
4. Автордың шығармашылығы мен дәлелденген көзқарасы;
5. Негізделген қорытындыларының болуы;
6. Материалды жеткізу тілі, стилі (анықтығы, қысқаша жинақталған түрі, бейнелілігі, лексика мен грамматикасы);
7. Жұмыстың ресімделуі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары автоматты түрде жүктеу мүмкіндігі бар <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында орналастырылады.